

КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Конформдылық әлеуметтік
ықпал етудің нәтижесі ретінде
3-бөлім

1-тарау. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық



Мойынсұну – бағынудың бір формасы

Адамдар шынымен белгілі бір жағдайға тап болғанда қалай әрекет етеді?

Салдар. Таңғаларлығы сол, адамдардың көпшілігі билікке бағына отырып, басқа адамдарға қысым жасайды.

Бағыну деңгейін төмендететін және бір фактор – билікке ие адамның орнында болмауы. Милграм байқағанындай, экспериментші бөлмеден шығып кетіп, бұйрықтарды телефон арқылы берген кезінде, толық бағынушылар деңгейі 25 пайыздан да төмендеп кеткен.

Милграм эксперименттеріндегі мойынсұнбау. Өздеріңізге белгілі, Милграм экспериментінде бірнеше адам экспериментшінің итермелегеніне қарамастан, сынақты жалғастырудан бас тартты. Адамзат тарихында мұндай ерлік оқиғалары аз болған жоқ.

Іске араласпаған куәгер конформист ретінде 1964 жылы Нью-Йорк қаласында Китти Дженовезе атты жас әйел өлтірілді. Бұл қайғылы оқиға таңғаларлық жайт та, жаңалық та емес еді. Халқы тығыз қоныстанған елді мекендерде айуандықпен адам өлтіру оқиғасы жиі кездеседі.

Мұнда назар аударатын мәселе мынау: жаңалықтарда хабарланғандай, түнгі үште оның жанайқайынан оянған 38 көрші жарты сағат бойы терезелерінен қаскүнемнің зұлым әрекетін міз бақпай тамашалап тұрған. Осы уақытта қаскүнем үш рет оралып шабуылдаған.

The New York Times газеті жазғандай, ешкім ешқайда хабарласпаған, болары болып, бояуы сіңгенше ешкім полицияға телефон соғу үшін тұтқаға ұмтылмаған. Осы куәгерлер неге көмектеспеді?

Милграмның зерттеуіне қатысушылардан алда не істейтінін сұрағанда, өздерінің ішкі бағасына және құндылықтарына сенген олар еш күмәнданбастан, зерттеуді қажетті деңгейде, тіпті зарядтың төменгі шегінде тоқтататынын айтқан.

Бірақ біздің шынайы жағдайдың құндылықтар мен ішкі бағалауға қалай әсер ететінін аңғардық қой. Бір жылдары автор әдеттегідей әлеуметтік психологиямен айналысып жүрген студенттерден: «Сендер соққыларды соңына дейін жалғастыра беретіңдеріңе сенімдісіңдер ме?» – деп сұрайды. Бір қол ғана баяу көтерілді, ал басқалары экспериментшінің бұйрығына құлақ аспайтындарына тым сенімді болды. Қол көтерген студент Вьетнам соғысының ардагері болып шықты, ол түрлі жағдайды басынан кешкен, біраз нәрсе білетін жан екені күмәнсіз еді. Ол өзінің қандай жағдайда әлсіздік танытатынын талай азап пен қайғы көре отырып мойындаған ғой. Біз басқа адамдарға зиян тигізуге мәжбүрлейтін қысымдарға әзер қарсы тұрамыз, сөйте тұра, оларға көмек көрсететін мүмкіндік туындағанда тым баяу қимылдаймыз.

Неліктен адамдар қиындыққа тап болған жандарға қол ұшын созбайды? Мүмкін, көргендер ұйқыларын аша алмаған шығар немесе қатты абдырап қалған болар. Түнгі үште адамдар өз қабілетін толық бақылап тұра алмайтыны белгілі.

Куәгерлер неге көмектеспеді?

Адамдар басқалардың бақытсыздығына неге тым селқос? Олардың ауыртпалыққа еті үйренгені соншалық – қайғы мен зорлыққа еш жаны ауырмай ма? Осы куәгерлердің менен және сізден не айырмашылығы бар? Бұл сұрақтарға, әрине, жауап жоқ секілді. Дженовезе өлімін көргендерден жауап алғанда, олардың өздерінің бейжай қарамағанын, керісінше, зәресі ұша қорыққанын айтқан. Бірақ олар неге ара түспеді? Бұл – жауабы ауыр сұрақ. Мұны түсіндірудің бір жолы шағын және ірі қалалардағы көмек беру үлгілерінің әркелкілігінен келіп шығады.

Ендеше, араласпауды да конформдылықтың бір бейнесі деп қарастыруымызға болады. Бұл жағдайда зәбір көрген адамға қатысты әркімнің іс-әрекетінің орынды және ақылға қонымды екенін басқа адамдар анықтап тұр. Байқағанымыздай, басқалардың күбір-сыбырын тыңдау да кейде орынды. Бірақ бұл әрекет кей жағдайларда, әсіресе тым күрделі жағдайларда жолдан адастыруы да мүмкін. Біздің қоғамда көпшілік алдында эмоциянды байқату тәрбиесіздік болып есептеледі. Басқалардың жанында шынайы табиғатымызды жасырып, өзімізді үрейге бой алдырмаған, онша әбігерленбеген, онша алаңдамаған, жыныстық жағынан бейқам адам ретінде көрсеткіміз келеді.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 4. Конформдылық әлеуметтік ықпал етудің нәтижесі ретінде. 3-бөлім

Байқағанымыздай, бақылап тұрғандар бір адамнан көп болса, адамдар әрекет жасаудан тартынады. Бұл құбылысты куәгер әсері деп атауға болады.

Дженовезе өліміне куәгерлердің ара түспеінде қосымша себеп болған шығар. Мұндай жағдайларда оқиғаны басқа да адамның көргенін байқаса, адамдар жауапкершіліктің өзіне де қатысты болатынын сезінеді. Оның өлімін көрген әрбір куәгер айналадағы терезелерден жарық жыпылықтап, басқалардың да қарап тұрғанын байқаған соң, өзін жауаптымын деп есептеген жоқ. Басқалар да қарап тұрған соң, әр куәгер полицияға солардың телефон соғып хабарлайтынына сенімді болды немесе мұның бәрі өзі емес, басқалар бас ауыртуға тиіс нәрсе деген қорытындыға келді.

Осы байламды тексеру үшін Дарли мен Латане эксперименттік жағдай туғызды. Олар адамдарды жеке-жеке бөлмелерге орналастырып, бір-бірімен микрофон мен құлаққап арқылы сөйлесуге мүмкіндік жасады. Қатысушылар бір-бірін көрмегенмен, не айтқанын ести алатын еді. Содан соң зерттеушілер қатысушылардың бірі ауырып қалғандай, қолдан эпилепсия талмасын ұйымдастырды: олар таспаға жазылып алынған дыбысты ойнатты. Эксперимент жоспары бойынша, қатысушының біреуі оқиға кезінде өзінің ғана құлаққабы қосулы деп есептеді, екіншісі бәрінің де жағдайды естіп-біліп отырғанына сенімді болды. Өзі ғана естіп-біліп отырғанына сенімді адам басқалар да еститініне сенімді адамдарға қарағанда көмекке жиі ұмтылды. Естушілердің саны артқан сайын көмек беруге ынталылар да азая берді.

Сондықтан адамдардың бір-бірінен айырмашылығы үнемі олардың іс-әрекетіндегі ерекшеліктердің ықтимал түсіндірмесі ретінде қарастырылады. Мысалы, жаяу саяхаттайтындарды табиғаты мен өмірлік тәжірибесіне орай, Нью-Йорк тұрғындарына қарағанда жұмсақ мінезді, қамқор, адамгершілігі мол деуге болады.

Эксперимент жасаудың бір себебі – осындай екіұштылықты бақылау. Одан кейін жасалған тағы бір зерттеу шатырлы қалашықтағы тәжірибе жайлы болжамдарымды қуаттай түседі. Оны Ирвинг Пиявин мен оның әріптестері Нью-Йорк метросының бір вагонында өткізді. Экспериментке қатысушы жолаушылардың көз алдында тәлтіректеп барып құлап түсті. Ол пойыз еденінде қозғалыссыз, төбеге қадалған күйі жатып қалды. Осы көріністі экспериментшілер түрлі жағдайда 103 рет қайталады. Барлығының дерлік нәтижесі бірдей болды: адамдар «науқасқа» апыл-ғұпыл көмекке ұмтылды. Әсіресе, «құрбан» қатты ауырсынған түр көрсеткенде, бұл жай қатты байқалды: 95 пайыз жағдайда әйтеуір біреу дереу көмек қолын созды. Тіпті, «құрбанның» қолына бөтелке ұстатып, ішімдіктің иісін мұңкітіп қойғанда да, ол 50 пайыз жағдайда тез көмек алды. Дарли мен Латане экспериментіне қатысушылардікімен салыстырғанда, метродағы жолаушылардың іс-әрекетіне куәгерлердің санының көптігі не аздығы әсер еткен жоқ. Адамдар аузы-мұрнынан шыға толған пойызда да, бос деуге болатын пойызда да жылдам және дереу көмектесті. Көмекке келген адамдар Нью-Йорк тұрғындары болса да Дженовезенің оқиғасында да, Бесінші авенюде де, Дарли–Латане эксперименттерінде де, олар Йосемит ұлттық паркіндегіге ұқсай қоймағанмен, шатырлы қалашықтағы жағдаймен ортақ белгілері бар ортада болды: 1) метроның бір вагонында келе жатқан адамдарда ортақ тағдырластық бар; 2) олар «құрбан» тап болған жағдаймен бетпе-бет келгендіктен, тез шешім табуға тиіс болды.

Көмекке ұмтылуға ынтаны қалай арттыруға болады? Осындай төтенше жағдайға тап бола қалсаңыз, санаңызға дереу ұялап үлгеретін сұрақтарды қарастырып көріңіз. Жағдай, расында да, ауыр ма? Менің араласуым қажет пе? Менің көмегім өзіме қиын болмай ма? Көмек көп шығынды қажет ете ме? Көмегім зардап шеккен адамға пайда әкеле ме? Сол жерден тез кетіп қала аламын ба? Сіздің бұл жағдайға реакцияңыз осы сұрақтардың әрқайсысына беретін жауабыңызға байланысты.

Көмек көрсетудің бірінші алғышарты – жағдайдың шынында да төтенше әрі ауыр екенін анықтап алу. Біз сырттап тұрған куәгерлердің әрнені бір айтуының өзі басқаларға жағдайдың төтенше екенін анықтауға кедергі келтіретінін байқаймыз.

Әйтсе де, куәгерлердің түрлі жорамалы жағдайды басқаша бағалауға әсер етуі де мүмкін. Леонард Бикман өткізген экспериментте, арнайы кабиналарда құлаққап киіп отырған студент қыздар түрлі дыбыстарды, сосын зардап шеккен адамның дауысын, артынша осының бәрін көріп тұрған куәгердің жанұшырған айқайын естиді. Куәгер оқиғаны тым төтенше секілді етіп жеткізгенде, экспериментке қатысушылар жылдам көмекке келді. Керісінше, куәгер жағдайды салғырт



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 4. Конформдылық әлеуметтік ықпал етудің нәтижесі ретінде. 3-бөлім

бағалағанда, қатысушылар жәрдем беруге асыққан жоқ. Төтенше оқиға қаншалық түсініксіздеу болса, көмек беру мүмкіндігі соншалық жоғары болады.

Жағдайдың төтенше екенін анықтап алу – бірінші қадам. Ал іске араласудың жауапкершілігін өз мойныңызға алу екінші қадам болуға тиіс. Куәгерлер өз жауапкершілік сезімін тұншықтыра алмаған кезде, басқа біреудің көмек беруін күтпей-ақ, өздері жәрдемге асығады. Адамдар қиын жағдайды өздері ғана көріп тұрғанына сенімді болған кезде көмек қолын ойланбай ұсынатынын Дарли мен Латане экспериментін келтіре отырып сипаттадық. Бикман экспериментінде қатысушылар жағдайдан басқалардың хабардар екенін білсе де, олардың іске араласуға мүмкіндігі жоқ екеніне сенімді болды. Дәлірек айтқанда, студент қыздардың біразына ішкі байланыс арқылы дауысы естіліп тұрған қатысушылардың көрші кабинада отырғаны белгілі еді. Ал басқа қыздарға естілген дауыстардың бірі көрші бөліктен жетіп жатқаны, қатысушылардың және бірінің дауысы көрші ғимараттан естіліп тұрғаны айтылған еді. Адамдар басқа куәгерлердің көмектесе алмайтыны белгілі болған соңғы жағдайда, яғни естіп отырған тағы бір қатысушының алыста екеніне сенімді болғанда, көмекке бірінші болып жетуге тырысқан. Өзінен басқа ешкім қиын жағдайды көрмегеніне сенімді болғандар секілді, өз жауапкершілігін басқаның мойнына арта алмағандар да іске дереу араласып кетті.

Көмек бере отырып, адамдар шығынды ғана емес, өздері бере алатын ықтимал пайданы да естен шығармайды. Шынында да, пайда беретінін білсе, адамдардың бір-біріне көмекке сенімді түрде ұмтылатынына дәлел көп.

Мысалы, бір экспериментте Роберт Барон мынадай жайтты анықтады: қатты ауырсынып тұрған адамның азабын куәгер өзі араласса ғана жеңілдете алатынын білсе, ауру күшейген сайын ол көмекке тезірек ұмтылады. Ал куәгер өзінің көмегі азапты жеңілдететініне сенімді болмаса, сырқат адам қанша қатты ауырсынса да, жәрдемге аса құлшына қоймайды. Осы нәтижелердің мәнін түсіну үшін біз эмпатия ұғымын қолдануға тиіспіз: ауруын қатты ауырсынған басқа адамды көргенде, біздің жағымсыз физиологиялық реакция сезінуге бейімдігімізді эмпатия ұғымы аясында қарастыруға болады. Адам қаншалықты қатты ауырсынса, жағымсыз сезіміміз де соншалықты күшті болмақ. Біз осы сезімді сырқат адамға көмектесу арқылы немесе жағдайдан психологиялық тұрғыда қашқақтау арқылы азайта аламыз. Егер көмектесе алатынымызды сезсек, адамның ауырсынуы күшейген сайын жылдам әрекет етеміз. Ал еш көмек бере алмайтынымызға сенімді болсақ, сырқат адам қатты ауырсынғанына қарамастан, біз жағымсыз сезімді азайту үшін бойымызды аулақ ұстауға тырысамыз.

Осы сәтке дейін біз сырқат адамға көмектесу шешіміне орай пайда болатын түсінікке ерекше назар аудардық. Эмпатияны талқылау кезінде байқағанымыздай, куәгердің жеке пайда мен көмек беруден бас тартудан көретін шығынды да қарастыратыны айдан анық. Сырқат адамның азабын көрген кезде туындайтын жайсыздық куәгер жағдайды аса қауіпті емес деп немесе бірден кірісіп кетудің қажеті шамалы деп есептегенде азаюы мүмкін. Куәгер қалыптасқан жағдайдан тез бой тартып кете алатын болса да, көмектесу мүмкіндігі азаяды. Дегенмен оның ауырған адаммен байланыс сезімін арттыра түсетін бірнеше фактор да бар. Бұл сезім оқиғадан бойды ала қашудан тежей алады. Өз отбасын құтқару үшін бәрін істеген – өртеніп жатқан ғимаратқа қойып кеткен немесе зымыраған көліктің жолына тосқауыл болған адамдар жайлы түрлі әңгімені бәріміздің естігеніміз шындық. Қиындыққа тап болған адам ең жақын жандарымыздың бірі болса, ерекше тілектестік танытуға және жауапкершілікті көбірек алуға бейімбіз. Кейде мұндай байланыс үстірттеу болуы да мүмкін: мысалы, кейбір адам өмірлік көзқарасы өзінікімен көбірек үйлесетін адамдарға жиі көмек береді. 1971 жылы Вашингтонда президент Никсонның Вьетнамға қатысты саясатына қарсы шерулер өтіп жатқан кезде, Питер Сюдфелд пен оның әріптестері көзқарас үйлесімділігі мен көмекке келуге әзірлік арасындағы байланысты зерттеу үшін эксперимент жасады. Олар жас әйелді арнайы дайындап, шерушілерден өзінің сырқат досына көмек беруін сұратты. Бір жағдайда сырқат адамның қолында «Никсон кетсін!» деп жазылған, екіншісі жағдайда «Никсонды қолдаймын!» деп жазылған плакат бар еді. Шерушілер оны «қолдаушыға» емес, өздерімен пікірлес сырқатқа көбірек көмектесті. Қорытынды мынадай: бұған дейін Йосемит ұлттық бағындағы шатырлы қалашықта және метродағы экспериментте болған оқиғаларды таразылау кезінде ескерткенімдей, адамдар тағдыр ортақтығын сезінсе, көмекке тез ұмтылады. Дегенмен мұндай ортақ тәуелділік сезімі біздің



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 4. Конформдылық әлеуметтік ықпал етудің нәтижесі ретінде. 3-бөлім

қоғамда оп-оңай теріске шығарылады: Дженовезе өлтірілген кезде 38 куәгердің: «Бұл іске араласқым келген жоқ» дегеніндей пікір басым бола салады.

Эксперименттер этикасы туралы ескертпелер

Ақиқатқа жету жолында әлеуметтік психологтар сәт сайын адамдарды өте ауыр сынақтардан өткізіп отырады. Осы дәрістің өзінде-ақ мен қатысушылардың өздері көрген оқиға мен оны басқалардың мүлде өзгеше түсіндіруінен түрлі дау туындағанын айтып өттім. Онда қатысушылар қатты қиналып отырған «құрбанды» жоғары кернеулі токпен сынауға тиіс болды; метрода аурудан азап шеккен адамның халін көзбе-көз көруге тура келді.

Бұл тәжірибелер қатаң этикалық мәселелердің бетін ашады. Алдыңғы дәрісте этикаға көзқарас кеңірек сипатталады. Ал мұнда негізгі екі мәселені ашып айтсақ жеткілікті: бірінші, бұл салада қатысушыны ықтимал залалдың бәрінен қорғау жауапкершілігі эксперимент жасаушының мойнында. Экспериментші сынақ біткеннен кейін де қатысушының көңіл күйі әу бастағыдай болуын қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін эксперименттің негізгі бөлігінен де артық уақыт пен күшті талап ететін пікірлесу, талдау процедуралары қажет болады.

Экспериментшілер жүріп өтуге тиіс этикалық жолдың қылдай жіңішкелігін ескерсек, оларға осындай тәжірибемен айналысу неге қажет? Бұл сұраққа жауап іздей отырып, Аронсон екінші этикалық маңызды мәселеге келіп тіреледі: әлеуметтік психологтар үшін этикалық мәселе біржақты ғана шаруа емес. Шынайы мағынасында олар өздерінің зерттеу машығын адамзатты кемелдендіру мақсатында адам іс-әрекеті жайлы біліміміз бен түсінігімізді арттыру үшін пайдаланулары тиіс.

Қысқаша айтқанда, әлеуметтік психологтардың қоғам алдында этикалық жауапкершілігі зор. Олар эксперименттік зерттеулер жасамаса, өздерінің маңызды миссиясын атқара алмайды. Әлеуметтік психологтар дилеммаға тап болып отырады: олардың қоғам алдындағы ортақ этикалық жауапкершілігі экспериментке қатысушының әрқайсысының алдындағы нақты этикалық жауапкершілікке қайшы келуі мүмкін. Бұл қайшылық конформдылық, тіл алу, көмек беру, т.с.с. маңызды мәселелерді зерттеу кезінде тіпті арта түседі.

Сондықтан зерттеудің: 1) қоғамға ықтимал пайдасы мейлінше көп болса; 2) жекелеген қатысушы үшін жайсыздық, алаңдаушылық немесе ренішті соншалық туындатуы да мүмкін.